

Қонаш
ҚАЛДЫОРАЗҰЛЫ

Жылыойдың

сұңқар
Сәдісі



Қонаш Қалдыоразұлы

Жылшойдың сұңқар Сәдісі

(эссе-повесть)



УДК 821.512.122

ББК 84 қаз 7

Қ 24

Қалдыоразұлы Қонаш.

"Жылыойдың сұңқар Сәдісі" -эссе-повесть жинағы
"Ағатай" баспасы. Атырау қаласы, 2010. 146 бет.

Бұл кітап Ұлы Отан соғысының ардагері, атақты барлау-бұрғылау ісінің майталманы Сәді Дүйсенбеков жайлы жазылған шығарма.

Кітап авторы Қонаш Қалдыоразұлы ардагер майдангердің, елге еңбегі сіңген жұмысшының өмір дерегін нақты мысалдармен жан жақты қамтыған.

Кітап тілі жатық, оқуға жеңіл.

УДК 821.512.122

ББК 84 қаз 7

ISBN 978-601-7018-49-8

*Бұл кітабымды Ұлы Отан соғысынан оралмаған
әкелерім- Досбай, Әділ, Іздібай Есқожа ұлдарына,
Қалдыораз Өмірбайұлы рухына арнаймын.*

Автор.



Қонаш Қалдыоразұлы

Белгілі қаламгер, ойы жүйрік журналист, Жылыой ауданының құрметті азаматы, Халықаралық Жазушылар Одағының мүшесі Қонаш Қалдыоразұлы 1942 жылы 7 қаңтарда Жылыой ауданында дүниеге келген. 1959-2008 жылдарда халық шаруашылығының әр саласында еңбек етті. Жоғары білімді журналистің баспадан «Шуақты жүрек», «Тоғысқан тағдырлыр», «Ел анасы – Ер ана» повесть, «Махаббат әні» әңгімелер, «Ана туралы ән», «Қазына мекені» хикая, эссе, очерктер жинағы, сонымен бірге оның құрастыруымен «Аққан жұлдыз», «Жылыойдың жайсаң жігіті», «Өзіміздің Өтекең», «Кие мен қасиет иесі», «Еңбегін елі сыйлаған» атты кітаптары жарық көрді. Сондай-ақ оның өлеңдері мен очерктері, эсселері мен әңгімелері «Бекет ата», «Қойнауы құтты Кең Жылыой», «Жылыой қаламгерлері», «Мұнайшы арулар еңбегі – ерлік ескерткіші» жинақтарында шықты.

Қонаш Қалдыоразұлы Құлсары қаласында тұрады.

Бас желі немесе бастау

*Кең Жылыой менің қырларым,
Кеудемді билер нұрлы ағын.
Көңілімде сырларым,
Топырағыңда торқалы,
Бақытым зой тұрғаным.*

Күләш Нәбиева

Ақ сағым басқан байтақ та байсын дала көсіле керіліп жатыр. Бұйырғын басқан боз даланың бауыры бүлк-бүлк ететіндей. Әр жерде қарауыта көрінген баялыштар мен итсигендер дала тіршілігін паш еткендей әсер береді. Бұйығы жатқан боз даланың шеті Қаракұм қойнауына шектесе бергенде тіршілік көрінісі өзгеріп сала береді. Жоталанған жайсаң даланың жон арқасында ойнаған әсем де әдемі сағым адам біткенді алыс армандарға бастағандай ма, қалай өзі. Әйтеуір сен де сезімің сергіп, серілігің ұстап, әуелете ән салғың келіп құйқылжисың. Жаныңды сағыныш кернеп, өткенге барлау жасауды мақсат етесің...

Ауыл ұдайы Қаракұм қойнауында отыратын. Әсіресе, Аққұдықты мекен еткен Бегімбеттердің басын біріктіріп, ұйыса тірлік етуіне Қосжан ахун Өтегенұлы салдырған сыңғырлаған мешіт пен медресе үлкен роль атқарып отырғаны айдан анық. Алыс-жақын ағайын балалары осында оқып, білім алып, көзін ашып, көкірегін оятып, сәждеге басын қойып, Тәңіріге тәубә деп, құдайға құлшылық қылып, өмір өткізіп келе жатқан-ды. Сөйтіп жүргенде Қазан төңкерісі бұрқ етіп, алыс өңірлерге Кеңес өкіметі өз отын жағып, өмірге

де, өңірге де, көңілге де көп өзгерістер алып келгені әмбеге аян. Ол жылдарда ауыл Қарақұм қойнауын қоныс етіп, қыс қыстағын өткізеді де, жаз шыға Жем өресіне қарай үдере көшеді. Көшкен ел қуанышы бір бөлек. Көш керуенінің көрінісі көңілге қуаныш ұялатады. Ауыл ақсақалдары мен аналарының көркі көркем, жүздері жарасымды көрінеді. Ақ күмістей сақалдары самал желмен желбіреп, кәриялар даналықтың белгісін көрсеткендей еді. Ақ жаулықтары қарқарадай болып жарасқан аналар да көш көркіне көрік қосқандай еді. Жә, жас жігіттер мен қылықты келіншектер де, базары енді басталған бозбалалар мен бойжеткендерде не сөз бар? Олар үнемі ән күйімен көңілді қуантар, жаныңды жадыратар көштің гүлі емес пе?! Олар көшкен ауылдардың сән-салтанатын жарасымды әзіл-қалжыңдарымен, жарасты сезімдерімен, әуелете салған әндерімен арттыра, асыра түсерін қайтерсің! Аяқтарын билеп басып ойнақтаған жарауы келіскен ат мінген желең жігіттер жолай өзара жарысып-жарысып алады. Кейде оларға қызу қанды бозбалалар мен балғын бойжеткендер де қосыла шауып, дүбірлеген сансыз ат тұяғы сайын даланы ду-думанға бөлейді. Ондайда абыз ақсақалдар мен аруана аналар өткен күндерін, жалынды жастығын, думанды дәуренін есіне оралтып, көз алдына келтіріп, кейде керемет бір күй кешіп, кейде бір қамыға отырып көздерін сулап, ерекше бір сезім құшағына бөленіп, қиқулатқан жастарға қызыға да қызғана қарайтын. Шіркін, жалынды дәурен, сезімге толы жастық кезең, сен естен кетермісің! Кетпейсің! Өйткені, өмір қартайса да көңіл қартаймайды деген бар. Көзде де, көңілде де жазық жоқ. Көз көркемдік пен көріктілікке қарауға, көруге, көңіл сұлулық пен сымбаттылықты сезуге, сүйсінуге

жаралған. Соны адал азамат, асыл адам болсаң ұмытпағаның, ұлғылағаның жөн, пендем, деген Алланың өзі... Ал Абайша айтқанда Алланың өзі де рас, сөзі де рас. Демек, бұл сөз жалған болмағаны. Барында оралыңның ойнап күлгін, жас дәурен бір күн бастан өтер деймін, деп акындар ән-жырға қосқан.

Ауыл биыл тағы да ерте көктеммен үдере көшіп, Қараш мола маңына кідіріп, көлік белін шешті. Көкорай шалғынды тепсеңдер көркі көздің жауын алады. Енді аз күнде үлбірегелі тұрған жайылысқа жанын сала қызыққандар қаншама? Іргеде сылдырай аққан ерке Жемге жетіп құлаған жылқы мен түйелер, отар-отар қой тырп етпестен жайылысқа кіріскен. Байлардың ақ шаңқан үйлері тегістей тепсеңге тігілді. Шаруа, кедейлер, малайлар болса үйлерін бай аулынан сәл оқшаулау, бөлектеп тігіп, тынымсыз тіршілікке кірісе берді. Аспа-жалап әйелдер қауымы алдымен бай үйлерін тігіп, керілген байлар мен кербезденген бәйбіше, тоқалдардың ас-суын даярлап алдарына тосты. Әп-сәтте Жем жағасында ауыл өмірінің тіршілігі қайнап жүре берді. Бай ауылдарының бірін-бірі шақырысуы, құда түсуі, қыз ұзатып, келін алуы арасы үзілмей жалғаса түсті. Жаз қызығы әсерлі. Жаз әсері әр көңілге нұр құйып, жадағай көңілдерді жадыратып, жадау тіршілікті жайландыра түсері тағы бар. Жаз басында босаға аттап келін боп түскен жас келіншектер жондары жұмырланып, күзге салым бүйірлері бұлтиып, ана болуға әзірлене бастайды. Содан бай ауылы да, жай ауылдар да алты ай жаз осы өңірді жайлап, жарқын күндерін, жақсы күндерін өткізеді, құтты мекен болған қонысқа малдарын бағып семіртеді. Жағасы жайлау жақсы күндерді кім-кімде қимай, қия алмай жүреді. Өскен жерін қимай, туған жерге симай жүретін

жайсандар жөні бөлек көріне береді.

Бұл кезде ерлі-зайыпты Дүйсенбек пен Қындаш көңілдері келіскен, жандары жарасқан жүректері жалын атып, жанарлары нұр шашқан жастары жиырма бестен аса жығылған жайсаң қылық, жай мінез жандар болатын. Жастай жандары жарасып, жүректері жұптасқан олардың шаңырағында Әбдідей ұл дүниеге келіп үлгерген. Бұл 1915 жыл болатын. Ол кез әлі Кеңес дәуірі орнамаған шақ еді... Жылыой жерінде де өмір өркендеп, тіршілік жалғасып келе жатқан. Кейін Қазан төңкерісінен соң, кең байтақ қазақ даласына да Кеңес өкіметі орнап, адамдарға жаңа қоғам жағдайында өмір сүру бұйырды. Бұл заманда да талай ұрпақ өмірден өтіп, талай ұрпақ тірлік дәмін татуға өмірге келгені белгілі. Жаңа да жарқын өмір әкелген Кеңес дәуірінің бейнеті мен зейнетін көруге талай тарланбоз ұрпақтарға өмір өз несібесін бұйыртыпты. Солардың қатарында кедей болғанмен мойымаған, өмірі мен бар бақытын болашаққа бағыштаған Бисенұлы Дүйсенбек (1894-1976) сынды сындарлы азамат та бар-тын. Ол сегіз арыс Адайдың Келімбердісінен тарайтын Бұзау атаның бір баласы Жеменей ұлысынан тараған Жомарт (Аталық)тың Солтанкелдісінен шығатын бес арыс Бегімбеттің бір баласы батыр Қараша әулетінен болатын. Сұңғақ бойлы, қарулы да қайратты Дүйсенбек кедей боп, бай малын бағып жүрсе де еңсесі биік, жігері жасымаған кісі боп қалыптасып, өмірден өткен-ді. Келіншегі Қындаш (1898-1978) болса Адайдың Жарысының Жетімегінің қызы боп келетін. Екеуі біріге күн көріп, білек сыбана бірге еңбек етіп, екеуі бірге ел қатарлы ғұмыр кешіп, екеуі бірге тірлік күйін шертіп, екеуі бірге қол ұстасып, алға аттап келе жатқан-ды.

Ауыл арасында базары биік, ажары артық көрінетін

Дүйсенбек інісі Төржанбекті әр іске баулып бірлесе тірлік етіп, біріге күн көру жайын жан жақты ұқтырып, жанынан тастамайтын. Әсіресе, Кеңес дәуірі орнағаннан кейінгі қилы кезең, қиын күндер жайын жан жақты ұғу, түсіну бағытында бір қыдыру әңгімелесіп, сырласатын.

Ұлан жаз бойы ауыл жайлауда болады. Қыс қарсаңында ғана Қарақұмға қарай ойысуға бет алады. Байлар жаңа орнап жатқан Кеңес өкіметінен қауіп ететіндей. Жаз бойы біраз малдарын базарға салып, сатып сауда жасап дегендей әрекет етті. Дегенмен, көп мал қапелімде таусыла қойсын ба? Қыстаққа қарай ойысқан малдың ойсырағаны байқалмады. Қайта төлімен көбейе түскен сыңайлы. Ауыл қарашаны орталай беріп қысқы қонысқа жайғасты. Бай басын бағып, тыныштық кешер болмады. Бәрі сүреңде жүргендей қапылыс үстінде. Ал кедейде қайдан тыным болсын. Ері байдың малын бағып, әйелі бәйбіше-тоқалдың баласын бағып, бабын тауып, ертеден кешке дейін салпылдап, сылпытып жүргені. Бір шаруадан соң бір шаруаның толассыз келіп жататынын қайтерсің. Тынбайтын, бітпейтін шаруадан мезі болған кедейлер.... Құтылар күн бар ма екен, қой жаюдан бір күні-ай (Кенен) деп еңірегінде етегі толған малшылар, жалшылар, кедей кепшіктерде де маза жоқ. Қайтсем жаңа өкіметтің жанашары боламын деп жүрген біреу...

Дүйсенбек үйінің көршісі боп көптен Досым баласы Базарбайдың Жұмашы келеді. Жасы үлкен ағасы. Жұмаштың әйелі Меңіл жеңгесі де бір мың болғыр, мейірім шуағы төгілген, қайырымы мол жан. Екеуі де Дүйсенбек десе, Қындаш десе үмешегі үзіліп отыратын жандар. Жұмаш ағалары молданың алдын көрген, білімдар адам. Дүйсенбекті де медресеге апарып, діни

білім алуға да үгіттеген сол Жұмаш ағасы. Екі-үш қараша үй қашаннан бері бай ауылының шаруасын күйттеп, бірге ғұмыр кешіп келеді...

Міне, бүгін таң күндегідей емес, рауандап атып, көкжиектен көтерілген күн алтын шапағын алыс-алыс аймақтарға себелеп төгіп тұрғандай көрінді. Ауыл адамдары ертемен тұрып малын жайлап, шаруаларын бірыңғайлай бергенде ауылда тағы да бір қарбалас сәт басталды.

Әбді балалары жетіге келіп қалған-ды. Одан кейінгі бернеше баласын жер қойнына берген Дүйсенбек пен Қындаштың көңілі мұңды еді. Енді міне, Қындаштың тағы да аяғы ауыр көрінді. Ертемен толғақ қысқан Қындаш ананың бүгін берекесі кете бастады. Ауыл үйдің бар аналары мен әйелдері бүгін осында. Жиналып келіп толғата бастаған Қындашқа көмекке ұмтылды. Бірі толғақ қысып тұрған ананың белін ұстаса, екіншісі ырым қылып отқа май салып, үй ішін түтіндетіп жатыр. Үшінші біреулері жаялықтар жинастырып, кіндік кесуге әзірленуде.

- Әй, бәрің де таласпаңдар, кіндік кесу менің жолым, - деп дүрс еткізді бір қара кемпір, - Пәтшағарлар, қарғаша қарқылдамай кейін тұрыңдар. Сендерге мен тұрғанда жол қайда, айналайындар-ау.

Желпінген кемпір біразға дейін әңгіме легін ағытып барып басылды.

- Жарайды, абысын, жол сіздікі болса жолыңыздан қалмаңыз, - деп бір өкшелес келіні әлгі дүр қара кемпірдің қолына қара пышақты ұстата салды, - Сіз-ақ кесіңіз, батырдың тұқымысыз ғой, сізге тартып батыр болар ма екен?

- Несі бар, болса болады.. батыр болған кісінің ата-бабасынан біз кем бе едік. Әкел пышақты,.. өй

патшағыр, найсап, не сөйлегені-ей, - деген дүр кара кемпір келіннің қолынан пышақты алысымен толғатып тұрған Қындашқа қарай жақындай берді. Жатырды жарып шығып жерге түскен сәби шар етті. Ер бала екен. Әйелдер әуелі Қындаш ананы, сосын Дүйсенбекті қуантты. Дүйсенбек пен Қындаштың қуанышы ерекше болатын. Әбділерінен кейін балалары тұрмай, зарығып жүрген жайлары бар-тын. Сағынысып көрген ұрпақтары, енді қайтсін? Әбдімізге серік болса деп, ырым етіп, көңілдеріне ой түйді.

- Енді осы баламызға бақытты да ұлағатты ғұмыр бере көр, Алла, - деп тіледі Дүйсенбек пен Қындаш. Ауыл-үй ақсақалдарын, аналарын жинап, жайылған дастархан үстінде жас нәрестеге Сәді деп есім берілді. Бұл 1922 жылдың қаңтар айының 15 жұлдызы күні болатын. Әрине, ол жыл жаңа орнап жатқан Кеңес өкіметі үшін ауыр жылдардың бірі еді. Елде жаңа экономикалық саясат бастау алып, адамдар алуан жағдайды бастан кешіруге мәжбүр болған шақ еді...

- Біздің әжеміз Қындаш он үш құрсақ көтерген аналардың бірі екен. Содан бесеуі ғана тірі қалып, өмір сүріп, ұрпақ жалғастырыпты, - деп әңгіме өрбітті бүгіндегі Дүйсенбек немересінің бірі, белгілі бұрғышылар қатарында есімі аталатын, еселі еңбегімен ел құрметіне бөленген жасы алпыстан асқан Ерғазы Әбдіұлы ақсақал. - Олар: Әбді, Сәді, Сағира апайымыз (1926-1983), Әнуар ағамыз (1936) және Айкенже (1940) апайымыз. Рас, бүгінде Социалистік Еңбек Ері атанған Әбді әкеміз де, Ұлы Отан соғысының баһадүрлерінің бірі бола білген Сәді ағамыз да, жездеміз Айтмұқанмен бас қосып, ұрпақ өрбіткен апамыз Сағира да фәни дүниеден бақиға аттанғалы да талай жылдардың жүзі болды. Олардың өнегелі өмірін, жарқын істерін

ұлағатты ұрпақтары ғана жалғастырып келе жатқаны жанға жұбаныш. Алайда Дүйсенбек атамыздың өз белінен жаралған ұрпақтары әлі де бар. Соның ішінде жасы жетпіс төртке жетіп, зейнеткерлік қызығын көріп отырған Әнуар Бисенов (1936) Жаңа Қаратон елді мекенінде де, ал жасы 70-ке келген Айкенже (1940) апайымыз ұрпақтарымен Құлсары қаласында тұрып, тіршілік күйін шертіп келеді. Жездеміз Бозан мұғалім боп істеді. Іргелі істер тындырды. Тек ол өмірден ертерек өтіп, апайымыз жесірліктің, жетім бала бағудың қиындығын аз көрмегені белгілі. Сондай-ақ, бабамыз Бисеннен Дүйсенбекпен бірге туған Төржанбек әкеміздің де ұрпақтары Жаңа Қаратон кентінде тұрады.

Ерғазы ініміздің әңгімесін одан әрі жалғастыра отырып, Дүйсенбек Бисенұлының, әкеміздің бүгін өзім кездескен ұрпақтары жөнінде жан-жақты мәлімдеме бере кетсем еш артықтығы болмас деп ойлаймын. Ол қайта өзім жазамын деп ниеттеніп жүрген Ұлы Отан соғысының баһадүрі Сәді Дүйсенбековтей абзал ағамыз, сындарлы азаматтың кескін-келбетін, бет-бейнесін, тұлғасын толықтыра, қанықтыра түседі деп сезінемін.

Алдымен, Социалистік Еңбек Ері Әбді жайында. 1915 жылы туған. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін ауданда ауыл шаруашылығын ұжымдастыруға белсене қатысып, шаруаның ыстығына күйіп, суығына тоңған адам. Ұлы Отан соғысына қатысушы, майдангер. Соғыстан кейін жеңгеміз Қалимамен екеуі сиыр, қой бағумен айналысып, үлкен жетістіктерге жете білген жандар. Әбекең екінші тың – қой шаруашылығын өркендетуге өзіндік үлесін қоса білген азамат. Бірнеше жыл қатарынан төл алудан аудан, облыс чемпионы атанды. Қос Ленин орденімен марапатталып,

Социалистік Еңбек Ерінің алтын жұлдызын өңіріне таққандардың бірі. Одан басқа да алған марапаттары аз емес. Сондай-ақ Қалима жеңгеміз де Еңбек Қызыл Ту орденінің, бірнеше медальдардың иегері. Қос арыстың бауырынан сегіз перзент өрген. Қазір соның алтауы тірлік етіп өмір сапарында келеді. Әбекең мен Қалима ұрпақтарының үлкені Ерғазы (1947) қаршадайынан қара жұмысқа жан қалауымен кіріскен, сайын даламен сырласа білер, бұрғылау бригадаларында біліктілікпен еңбек етіп, толайым табыс биігінен көріне білген, көрініп келе жатқан жайсаң жандардың бірі. Келіншегі Светамен екеуі сегіз ұл-қыз және екі немерелерін өнегелі өсіріп отырған отбасылардың бірі және бірегейі. Оларда далада туып-өскенмен ұзақ жылдардан бері Құлсары қаласын мекен етіп келеді. Әбдінің Жантөре қызы мамандығы бойынша мұғалім. Ері Орынбасаров Елемес ауыл шаруашылығының байырғы маманы. Екеуінің шаңырағында 6 баламен, 2 немере өсіп, ата-аналарын үлкен қуанышқа кенелтуде. Бүгінде Орынбасаровтар әулеті Ақкиізтоғай аулында тұрады.

Әбдінің үшінші баласы – Байғазы көп жылдар бойы әкесімен бірге қой бағып, қырда өскен қырандардың бірі. Баян келін екеуі екі бала өсіру үстінде. Баянның өзі де он балалы отбасында өсіп, тәрбиеленген ұрпақтардың бірі.

Байғазыдан кейін Әбді мен Қалима от басында Жанбибі, Кемал, Абзал сынды ұл-қыздар дүниеге келіп, өсіп жетілді. Бүгінде Жанбибі мен күйеуі Беріктің 2 баласы, Кемал мен Нұрсұлудың үш, Абзал мен Самал келіннің 4 баласы бар. Сонда Дүйсенбектің бір ғана Әбдісінен 6 ұл-қыз өрсе, олардан 17 немере, 8 жиен, 4 жиен-немере өріп отырғаны белгілі. Сондай-ақ

Дүйсенбектің Сағира қызынан да бүгінде онға жуық жиен және бірнеше жиеншелер бар екенін білеміз.

Дүйсенбектің енді бір баласы Әнуар. Жай сөйлейтін, ұяң мінезді, байсалды да байыпты азаматтардың бірі. 1936 жылы Қарақұм қойнауында өмірге келген Әнуар ұзақ жыл бұрғылау, барлау-іздістіру экспедициясында еңбек етіп, елден алғыс алып, абырой арқалаған жайсаң жан есебінде белгілі.

- 1953 жылы шалғайдағы Төңірекшың бұрғылау, барлау-іздістіру экспедициясының бригадасына көмекші болып орналасып, еңбек етуге кірістім, - деп бастады әңгімесін Әнуар, өмірнәмәсіне әріден кірісе отырып, - бар болғаны он жетідегі жаспын, мектеп бітірген жылым. Бұл бригадада да 2 жылдай еңбек еттім, біраз тәжірибе жинақтадым. Күш-қайратым толыса түсті, жұмысқа бейімделіп, еңбекке төселдім. Сонымен жасым толғасын, Отан алдындағы міндетім – әскери борышымды өтеуге аттануға тура келді. Сөйтіп, 1955-1958 жылдары КСРО-ның астанасы Мәскеу түбіндегі Одинцово қаласында әскери борышымды өтедім. Бір қызық жай айтайын. Бұрғылау бригадасында шебер Ізтұрған Бектілеуов қарамағында белгілі де танымал бұрғышылар Омаров Тайшы, Дүйсенбеков Сәді, Иманқұлов Өскінбай, Балкенжиев Қанапия сынды-сындарлы азаматтармен, іскер жұмысшылармен жұмыстас болғанымды әлі күнге дейін мақтан етемін. Мектептен жаңа шыққан жаспын ғой, кейбір жас жігіттерге еліктеп темекі тарта бастағанмын. Бір күні Балкенжиев Қанапия бізге жезде болатын, «мына Әнуар темекі тартады» деп, Сәді ағама келіп айтпасы бар ма. Содан Сәді ағайым мені шақырып алып саба, ал кеп саба. «жамандыққа емес, жақсылыққа үйрен, ол сенің болашағыңа керек» деп төпелейді.

Қарсы тұрар дәрмен жоқ, ол соғыс батыры, қаһарман, қарсы келмейміз, оғаш ештеңе демейміз, көне береміз. Содан темекі тартпайтын болғанмын. Кейін әскерге барғасын, темекі тартпаймын десем, солдаттар сенбейді. Неге тартпайсың дейді, мен шынымды айттым. Олар сенбеді. Мені әдейі сынап көрейін деді ме, «Беломорканал» деген темекіні пәшкілеп әкеліп, кешке дейін тартқызды. Кешке казармаға келгесін қатты ауырдым. Құса бастадым, тіпті өлермен хәлге жеттім. Содан соң олар сенгендей болды. Мен сөйтіп темекі тартуды қойып кеттім. Қолыма алмайтын да болдым. Әскери қызметім аяқталып, туған жерге оралдым. Ауылға келісімен, көп кідірмей еңбек етуге қайта араластым. Қара арна кен орнын, кейін Прорва кен орнын ашысуға қатыстым. Мамандағым бойынша моторист-машинист боп істедім. Прорвада да көбіне көп атақты бұрғылау шебері Досанов Қайырғали бригадасында еңбек еттім. Осы бригадада ұзақ жыл істеуіме тура келді. Арасында Прорва кен орнында жүргізуші боп, вахта автокөлігін жүргізгенім бар. Кейін Сарықамысқа қоныстандық.

- Әскерден оралғасын Сәді ағамызбен жұмыстас болдыңыз ба?

- Болғанда қандай, - деп жалғады Әнуар әңгімесін, - аудан аумағында Сәкеңмен жұмыстас боп ашпаған кен орны кем де кем шығар. Оның жұмыс жасауы, жоғары талабы бізге қашанда үлгі-өнеге болды. Осындай ойы өрісті, озық ағаң барда қалай жаман жұмыс жасайсың. Қай қайсымызға да абыройсыздық келмесін деп жақсы жұмыс жасауға жұмылдық. Соның нәтижесінде биіктен көрініп, жарыстарда жеңімпаз атана білдік.

- Әскерден 20 жастан аса оралдыңыз, келгесін жұмысқа орналасумен бірге үйленіп те үлгерген

шығарсыз?

- Жок, бірден үйлене қою оңай болған жок. Үйлену үшін алдымен қыз іздеу, жар таңдау керек болды. Ақыры бір қыз табылды, - деп жымыды Әнуар, - 1961 жылдың аяғы – желтоқсан айында Жамал деген қызбен жан жарастырып, өз шаңырағымызды көтердік. Содан бері Жамал екеуміз өмір өрінде бірге келеміз. Қызықтарды да бастан кешірдік, қиындықтар да ұшырасты. Бірақ соның бәрін Сәді ағамыздың қамқорлығы арқасында жеңе білдік, жеңіске жете білдік. Жамал Таз ауылының қызы. Таздың Келдібай-Жантайынан, әкесі Нұрмаш пен анасы Тауқаш (Қосым руының қызы) бауырынан өрген ұрпақтардың үлкені. Жамалдың бір інісі, төрт сіңлісі бар. Інісі Смағұл (1953) Жаңа Қаратонда тұрса, төрт сіңлісі төрт жақта тұрмыста. Жамалдың әкесі Нұрмаш та Сәді ағаларыммен жұмыстас болған адам, бұрғылау бригадасынан зейнеткерлікке қалған кісі.

- Жамал жамағатыңыз жұмыс жасаған ба еді?

- Жасаған. Жасағанда қандай, бастық болған адам ол деген, - Әнуар аз-кем жымып алды, - Сарқамыс кенттік байланыс бөлімі бастығының орынбасары боп ұзақ жыл істеді. Сол байланыс бөлімінен зейнетке қалды. Жамалдың бір қасиеті – қайнаға-қайныларын қатты сыйлады. Әсіресе, Сәдідей қайнағасының алдынан кесе көлденең өтпейтін-ді. Сол қасиетінен әліге дейін танбай келген Жамалды қайны-қайнағалары да қадір тұтты, өзара ақылдасып, әр істе келісіп отыратын.

- Жамал жеңгемізбен біз де қатты сыйластық, өзара тату болдық, - деп ой бөлісті әңгімеге араласқан Ерғазы бауырымыз, - жас кезде жастық желік, құмарлық, қызығушылық кім-кімде де болары сөзсіз. Сондай

құмарлық менде де болды. Ағайым Әнуардың тәп-тәуір мотоциклі бар-тын, айдап кеткім келіп қатты қызығамын. Үйдің айналасы құмақ болатын. Содан Жамал жеңгем көмектесіп шығарысып жібереді. Сосын ізін білдірмейін деп қатқаққа дейін сыпырады. Ал құмарым қанғандай болып, бір жағы ағамнан қорқып біраздан соң қайтып келгенімде мотоциклдің дөңгелегін шаңын білдірмейін деп жалтыратып тазалаймыз, екеулеп жуамыз. Сонда менің аға мотоциклін айдағанымды бір білдірмейді ғой. Біздің Жамал жеңгей сондай сүйкімді жан, сырласа да, сыйласа да білдік. Жайсаң да жайдары адам.

- Жамал жайлы жақсы әңгімені әрқайсысыңыз айтып жатсындар, ол жақсы қасиет. «Жақсы десе жан сүйінеді» деген, енді әйел қашанда баламен биік, баламен бақытты, бала емізген ана – ең бақытты жан деген сындарлы сөз бар. Бұл жайында не айтар едіңіз, Әнеке?

- Айтайын, шүкір, Жамал жамағатым, шаңырағымызды балаға да, бақытқа да, қуанышқа да, қызыққа да, шаттықта да толтыра білді. Оған мың мәрте тәубә деп отырамыз, - деді Әнуар әңгімесін әрі өрбітіп, - тұңғышымыз Нәсіредин, 1962 жылы туған, Ақкиізтоғай аулында тұрады. Қарлығаш келін екеуі екі ұл, бір қыз өсіріп, жапырақ жайып отыр. Жуырда олар да құдандалы болды. Ауыл азаматы, белгілі малбегі Желдеш Әбділдәұлының әулетіне немере қызым келін боп аттады. Ал екінші перзентім Надя (1965) дәрігер боп істейді. Ері Жолдыбай бір мекемеде токарь боп жасайтын, соңғы жылдары өмір ағымына байланысты егіс егумен айналысып, отбасын асырап келеді. Екеуі үш бала тәрбиелеп, өсіріп отыр. Одан кейінгі қызымыз Райхан (1966) ері Ислам екеуі Ташауызда тұрады. Ислам

күйеу бала автобус жүргізушісі. Енді бір балам Ерболат (1974) ТШО-да Альфада күзетші болса, Рыскүл келін Қарабатанда жұмысшы боп жүр. Бұл екеуі де үш бала өсіріп, көңіл қуанышын өмір қуанышына ұластырып отырған ұлағатты жандар. Тағы бір балам Раушан (1975) есімді қызым. Ері – Сәрсенбек «Казкомсервис» ЖШС-де электр монтері болып еңбек етеді. Ынтымақтары жарасқан жастар өз қатарларына қадірлі де сыйлы жандар болып есептеледі. Ал біздерді бағып-қағып отырған Саламат (1982) баламыз бен Нәзира келініміз. Саламат «Жылыой Мұнай Газ» басқармасында жөндеуші боп жемісті еңбек етіп келе жатқан жігіттердің бірі деп есептелінеді. Нәзира келін екеуі қыр гүліндей жайнатып қос перзент өсіріп келе жатқан өнегелі отау иелері.

Әнуар әңгімесін одан әрі былай жалғастырды:

- Дүйсенбек әкеміз бен Қындаш анамыздың ендігі бір перзенті – қазақша айтқанда сүт кенжесі – Айкенже есімді қыз. Ол 1940 жылы 14 наурызда өмірге келген. Ол да өз қатарлары сыңайлы бой түзеп өсті, яғни бой жетті. Жасы жетіп тұрмыс құрды. Ері Байболов Бозан (1927) Прорва, Қараарна кен орындарында еңбек етті. Мұнайлы кенішіндегі Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепте мұғалім боп істеп, халық баласына білім берген азамат. Бозан мен Айкенже бауырынан сегіз ұл-қыз өріп, өсіп, өнді. Олар Дүйсенбек әулетінің, яғни нағашыларының қуанышын көбейтіп, шаттығын шалқыта түскені белгілі. Бүгінде Бозан мен Айкенженің тұңғыштары Гүлбаршын (1960) аудандық перзентханада мейірбике болып істейді. Ері Базарбай – жүргізуші. Бозанұлы Ершора (1964) бұрғышының көмекшісі, оның келіншегі Гүлфара іске ыңғайлы, еңбекке икемді ынталы жастың бірі екенін ел біледі.

Бозан шаңырағының ендігі бір перзенті – қыздары Жұмагүл (1967) де, оның ері Қайрат та жеке кәсіпкерлікпен айналысып жүрген жандар. Ал қос арыстың төртінші перзенті Ербол (1974) «Жылыой Мұнай Газ» басқармасында жер асты жабдыктарын жөндеу шебері болса, оның келіншегі Қамқа – Теңіз аймағындағы ЮрСС мекемесінде еңбек ететіндердің бірі. Сондай-ақ, ұлдары Нұрбол (1976) келіні Ғалия, Нұрхат (1981), Думан (1985) жоғары білімді мамандар болып есептелінеді. Бозан мен Айкенженің бір қызы Феруза (1979) аудандық жер қатынастары комитетінде істесе, күйеуі Жақсыбек жеке кәсіпкерлікпен айналысатын азамат.

Ия, Дүйсенбектің кенже қызы Айкенжеден өрген онға жуық ұл-қыз болса, онның үстінде немере-жиендер бар екені де көңілге қуаныш құйып, жанға қуат береді.

Кешегі Ұлы Отан соғысы (1941-1945) жасты да жасамысты да, үлкенді де, кішіне де, атаны да, ананы да сын тезіне салып, сынақтан өткізген кезең болғаны белгілі. Тар жол, тайғақ кешу сәтінде талай боздақтар қиядағы бір елдің қия белінде көкірегін кек кернеп, оққа ұшып от оранған күйінде көбі көкөрім шағында солды, ажал құшып, арманда кетті. Шіркін-ай, десейші, олардың соңдарында тұяқ қалса, шырылдап жүріп тірлік кешіп, өксіп жүріп-ақ өмір сүрер еді.

Бисен әулетінен де үш бірдей арыс азамат майданға алынып, соғысқа аттанған. Олардың әрқайсысы әр майданда әр бағытта соғысқа қатысып, қаһармандық үлгісін көрсете білді. Олар әкелі-балалы Дүйсенбек, Әбді, Сәді болатын. Абырой болғанда олардың үшеуі де сұрапыл соғыста жараланса да, аман қалып, елге оралуы ерекше жағдай еді. Олардың басты бақыты да,

көңілдегі қуаныштары да осы еді. Соның ішінде әулеттің үлкені, отағасы, балалардың әкелері Бисеннің Дүйсенбегі де Жылыой аудандық әскери комиссариаты арқылы 24.06.1944 жылы шақырылып, жұмысшы батальонында болған. Окоп қазу жұмысымен айналысқан Дүйсекең бір күні сол аяғының башпайынан қатты жаракат алады. Ия, тұтқиылдан болған шабуылдан жұмысшы батальонындағылардың да қаза табатыны жиі ұшырасып жатады. Алланың пәрменімен Дүйсекеңнің ғайыптан тірі қалғаны өзіне олжа. Оқ аяғының бас башпайынан жаралаған екен. Жанын шыдатпаған башпайы Дүйсекеңе етігін шешуге мәжбүр етеді. Етігін шешсе, мылжа-мылжасы шыққан башпайдан аққан қан етігін толтырып үлгеріпті. Содан РСФСР-дің Ирбит аудандық атқару комитеті әлеуметтік қамту бөлімі дәрігерлік емдеу эксперттік комиссиясының шешімімен мүгедектікке жатқызылып, елге қайтарылады. Иә, өмірін жалшылықтан бастап, кедейлікпен өткізген Дүйсенбек Бисеновтің өмір жолына көз жүгіртсек көптеген жағдайларға қанығарымыз хақ. Кеңес өкіметі орнағасын көп ұзамай ауыл шаруашылығын ұжымдастыру жұмысына белсене араласқан Дүйсекең 20.07.1928 – 18.06.1944 жылдарда аудандық шикізат дайындау мекемесінде жұмысшы болып істейді, кейін соғысқа қатысады. Ал 1945 жылдың аяғында Ұлы Отан соғысы мүгедегі есебінде жұмыстан шығарылады. Алайда 1949-1952 жылдары Қосшағыл кәсіпшілігі жұмысшыларды жабдықтау бөлімінде жұмысшы боп істеген Дүйсекең жыл аяғына таман жұмыстан өз еркімен босайды. Жұмыстан босату жөніндегі бұйрыққа Қосшағыл кәсіпшілігі жұмысшыларды жабдықтау бөлімі бастығының міндетін атқарушы Қ.Шілденев қол қояды. Сөйтіп,

соғыстан жаралы болып оралған Дүйсенбек Бисенов тағы бірқатар жыл еңбек етіп, елінің дамуына, өркендеуіне өзіндік үлесін қоса білген азамат.

...Жылжып жылдар өтеді. Соғыстан аман оралған Дүйсенбек енді қос ұлы Әбді мен Сәдінің де елге тірі оралуын тілек етеді. Әке тілегі қашан да ақ, қашан да пәк. Тәңірден перзенттерінің соғыстан тірі келуін тілек еткен әке арманы орындалып, қос қозысы да соғыстан аман оралып қуаныш қуанышқа ұласады...

Ендігі әңгіме бағытын Кең Жылыойдың сұңқары атанған, сұрапыл соғыстың сұр мергені Сәді турасына бұруды жөн көріп отырмын... Өйткені, оның өмірі өнегелі, ерлігі елге ұран болған біртуар азамат.



Бірінші желі

Алғашқы адым

Кеңес өкіметі орнап, кедей-кепшік теңдік алғалы 12-13 жыл болған кез. Байлар тәркіленіп, елді индустрияландыру, оған жалғаса ауыл шаруашылығын ұжымдастыру басталып жатыр. Қияндағы елді мекендердегі әкімшілік үйлерінің маңдайына ілініп, желмен желбіреген қызыл жалау көңілге қуаныш құймаса да қараған кісіге қызық көрінеді. Бұрын мұндайды көріп көрмеген ауылдардың үлкен-кішісі бүгін жалау ілінген үй маңына қалмай тайлы-таяғымен жиналып, өзара әжік-күжік әңімеге де кіріскені байқалады.

- Әй, Дүйсенбек, ТОЗ дей ме, серіктестік дей ме, бірдеңе құрамыз, ұйымдастырамыз деп күпіп жүр ғой осы елің, - деді салалы саусағымен сақалын тарамдаған ақсақалдардың бірі, аузындағы насыбайын аулақтау жытырып, - Ол жөнінде не білгенің бар..?

- Ол дегенің,... Ол дегенің,... ол..... не тәйірі, ұжымдаса, ұйымдаса,.. серіктесе,.. сенімдесе, сыйласа еңбек ету, біріге күн көру, біріге өмірді өркендету, біріге тіршілікті түлету, - деді Дүйсенбек өз түсінігі бойынша ақсақалдардың арғы ойы мен әңгіме ауанын түсінгендей болып. – Бірлік бар жерде, тірлік бар деген, біріге қимылдап, біріге жұмылсақ жеңілмейтін қиындық, алынбайтын асу болмауы керек...

- Сонда... Сонда ұжымдаса еңбек ету, серіктесе жұмыс жасау кімге пайда, кімге зиян?.. оған кім кіріп, кім шығады дегенім ғой, - деді ақсақал әлі де Дүйсенбекпен әңгімесін жалғастыра түсуді жаны қалап. – бәріміз бір үйде тұрып, бір қазаннан ас ішеміз бе

Жылмайды сұңқар Сәдісі

дегенім ғой.

- Сөзіңіз жөн, ағасы, - деді Дүйсенбек, - осы елдің бар адамы жаңадан құрылатын шаруашылық серіктестігіне толық мүше бола алады. Мәселен, сіз де, мен де, балаларымыз да дегендей. Бәріміз біріге еңбек етіп, өзіміз мүше болатын шаруашылық шаруасын жақсартуға, алға бастыртуға, дамытуға, өркендетуге тиіспіз. Бұл біздің жаңа Кеңес өкіметі алдындағы азаматтық парызымыз...

- Сонда... Бұл шаруаның ұйымдастырушысы, басқарушысы, бастығы кім болады, ол шаруаны неден бастап, қалай жүргізеді дегенім ғой, - деді ақсақал одан әрі әңгіме өзегін өрбіте түскісі келген сыңай танытып...

- Ей, ағасы, кім болсын дейсің? Соны да білмеймісің? Жаңа заман орнады, өмірге жаңа қоғам келді. Ал енді ол заман мен қоғам иелері көзі ашық, көкірегін ояу, жаңалық пен жақсылыққа, әділдік пен адалдыққа жандары бейім жастар басқармағанда кім басқарады? Әлде жетпістегі Сіз бен қырыққа жасы тақаған мен басқарамын дейсің бе? Демек, ендігі ел басқару кезегі кедейлер табынан шыққан жастардікі болмағанда кімдікі болмақ? – деді Дүйсенбек қызулана сөйлеп, - Ел басқару оңай емес, бірақ жүрегінде жалыны бар жастарды атқа мінгізіп, таққа отырғызу керек.

- Дұрыс, Дүйсенбек. Мені қойшы, асарымды асадым, жасарымды жасадым. Төрімнен көрім жақын адаммын. Біздің заман озды, өмір тозды. Қырыққа таядым дегенмен, сен де саптасың, Дүйсенбек. Осы балаларға өзіндей бас-көз болар ақылды, сабырлы да салмақты, саялы да сындарлы, ұстамды да ұлағатты адамдар қажет-ақ сыңайлы. Негізінде, жаңа өкімет жұмысынан сенде құр қалма, Дүйсенбек бауырым, - деген ақсақал бір уыс насыбайын ернінің астына тағы